



## **Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы**

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 31 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 сәуірде № 7811 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48 бабына және 50 бабы 2 тармағының 2) тармақшасына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес және Көкшетау қаласының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша кезектен тыс қалалық комиссияның жедел отырысының 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 5 хаттамасының негізінде, Көкшетау қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Көкшетау қаласында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жоюдың басшысы болып Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары Е.Қ. Әбуев тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешімнің әрекеті 2020 жылдың 8 сәуірінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

5. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*А.Смаилов*